

«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты тақырыпта № 5 Жалын студенттер жатаханасында мерекелік іс-шарасы.

Ветеринария факультетінің «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының оқытушылары және ВС 416 топ студенттерімен бірлесе отырып «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты тақырыпта № 5 Жалын студенттер жатаханасында мерекелік іс-шарасы өткізілді.

Іс-шараның мақсаты:

1. Студенттердің «Даналық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресі мен ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын жылдары елінің азаттығын, еркіндікті аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу. Тәуелсіз Қазақстанның 31 жыл ішіндегі қол жеткен жетістіктерімен таныстыру.

2. Ақыл мен білімнің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру және өмірде қолдана білу іскерліктерін дамыту.

3. Студенттер бойында отансүйгіштік-патриоттық сезімдерін және бабалар дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақстанның келешегі үшін аянбай еңбек етуге шақыру.

Құндылықтарды дарыту: Зайырлы мемлекет және жоғары Руханият.

Түйінді идея: Құндылықтарды дарыту үлкендерді құрметтеу.







Іс-шара барысында Қазақстан гимнмен бастап, презентация мен бейнеролик көрсетіліп, би, ән добырамен күйлер шертіліп, тақырыпқа арналған сұрақ-жауап қойылды. Студенттер өз ойларымен қатар, құнды тарихи деректермен бөлісті.

Іс шара соңында «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының қауым.профессоры Усманғалиева С.С. сөз сөйлеп, қасиетті Тәуелсіздігімізді нығайту мақсатында бірлесе қызмет атқару парызымыз екенін түсіндіріп өтті. Ұлтымыздың ұлы жәдігері Тәуелсіздігіміз тұғырлы, рухымыз асқақтай берсін! Ұлттық құндылығымызды насихаттауға арналған шара жоғары деңгейде өтті.

Іс шара ұйымдастырушылары: «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасындағы оқытушылары және ВС 416 топ студенттері.